

№22 «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

Қамқоршылық кеңесі отырысының

№5 хаттамасы

Өткізілген күні: 23.05.2025ж

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Оқу жылының қорытындысы.
2. Келесі оқу жылына дайындық
3. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның қамқоршылық кеңес төрағасы Мұрат Жұлдыз Аманбекқызы сөз алды. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы 2024-2025 оқу жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. жұмыс жоспарына сай 5 отырыс жоспарланғанын, барлық отырыстар өз уақытысында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірлер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің келесі оқу жылына дайындық жұмыс жоспары талқыланды. Басшы: Ж.С. Жолшибаева қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, балабақшада жазғы мезгілінде таңертеңгі қабылдаудан бастап таза ауда жүргізіледі. Таңертеңгі жаттығу балабақша ауласында жүргізілетініне балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көңілге қонымды. Ол жалпы балабақшада жазғы сауықтыру мезгіліндегі жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Мұрат Жұлдыз Аманбекқызы қорытындылады.

Балабақша әдіскері А.Алимбаева жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қойылымдары, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары, іс-шаралар жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.
2. Балабақшада құрылған Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Мұрат Жұлдыз Аманбекқызы

Хатшы:  Нурсултанова Агила Батыкановна

